

«Сөз құдіреті» үйірмесінің жылдық есебі

Үйірме жетекшісі: К.С.Отарбаева

2023-2024оқу жылы

2023-2024 оқу жылында оқушылардың сыныптан тыс уақытта шығармашылық ізденістерін, өзіндік қабілеттерін және қоғамдық қарым-қатынасын қалыптастырып, өзіндік талдау, жинақтау, жұмыста шапшаңдық таныту, өз ойын әдеби тілмен өрнектей білуге машықтандыру мақсатында «Сөз құдіреті» үйірмесі аптасына 1 сағат, жылына 34 сағатқа жасалып жоспары бекітілді. Үйірмеге 15 оқушы өз өтініштері бойынша қатысты.

Оқушылармен жұмыс барысында оқушылардың қабілетіне қарай тапсырмаларды орындаудағы ерекшеліктері мен алғырлығы, оқу мәнері, ізденімпаздылығы бақылауға алынды. Бұл үйірме оқушылардың әдеби мұраларға деген талғамын тәрбиелеп, рухани дүниесін кеңейтіп, ақыл-ойы мен ұлттық сана сезімін дамытуға ықпал жасап, ауызекі және жазба тілде байланыстырып сөйлеуін дамытып, оқушылардың қазақ тілі мен қазақ әдебиеті сабақтарына қызығушылықтарын арттырды.

Жоспар бойынша оқушылар А.Құнанбайұлының өлеңдерін жаттап, қара сөздерін оқып талдау жұмыстарын жүргізді.



Жоспарға сай «Өлең мен сені аялап өтем» мәнерлеп оқу сайысы ұйымдастырылып, үйірме мүшелері Ы.Алтынсариннің, М.Мақатаевтың, Т.Айбергеновтің өлеңдерін жатқа айтып жүлделі орындармен марапатталды.



Қазақ ауыз әдебиетіндегі қоғам өміріне, табиғат құбылыстарына байланысты терең ой, бейнелі шебер тілмен айтылатын шешендік сөздер, оның түрлері, билердің нақыл сөздері туралы оқушыларға ақпарат беріліп, оқыту, жаттауға тапсырмалар берілді.



Диалог пен монологтың айырмашылығы, сөйлеушінің сөзін тыңдап оған жауап беруге дағдылану, монолог оқығанда қолданылатын жаттығу түрлері түсіндіріліп, жеке, топтық талқылау жұмыстары жүргізілді. Оқушылар монолог және шығармадан үзінділер оқыды.




Жоспарға сай оқушыларға шағын әңгіме, өлең жазу шеберлігін игеру үшін қалай бастау керектігі, тақырыпты ашып алу, сюжетті ой желісінен өткізу, редакциялау туралы кеңес берілді. Оқушылар берілген кеңес негізінде шағын әңгімелер, өлеңдер жазды. Үйірме мүшесі Асылханұлы Шыңғыстың шағын өлеңі облыстық Үш таған журналына жарияланды.



Тәуелсіздікке байланысты өлеңдер оқып, жаттады.



Мақал-мәтелдер айырмашылығы, түрлері туралы ақпарат беріліп, оқушылар жаттаған мақал-мәтелдерді айтып, сыңарын тап ойыны ойналды.



Оқушыларға қазақ тілі білімінің және әдебиеттану ғылымының негізін қалаушы А.Байтұрсынұлының өмірі мен шығармалары туралы ақпарат беріліп, өлеңдерін талқылап жаттауға берілді.



Жеңіс күніне байланысты өлеңдер жаттап, «Ешкімде ешқашан ұмытылмайды» тақырыбында эссе жазып, өлеңдер оқыды



Жергілікті ақын-жазушылардың өмірі мен шығармаларымен танысып, жергілікті ақын С.Жиенбаевтың өмірі мен өлеңдерін жатқа айтты.



Үйірме жұмысының нәтижесінде оқушылар ертегі, әңгіме, өлең тыңдауға, жазуға, шығарманың мағынасын түсінуге, кейіпкерлерді бағалауға, адамгершілік қасиеттерді сипаттауға ниеттенді. Өлеңдерді нақышына келтіріп, жатқа, мәнерлеп оқуға үйренді және қызығушылықтары артты.

